

Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жанында құрылған «6D050200 – Саясаттану», «6D050100 – Әлеуметтану», «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс», «6D012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «6D050300 – Психология», «6D010300 – Педагогика және психология» мамандықтар тобы бойынша құрылған диссертациялық кеңес .

Диссертациялық кеңес төрағасы – Насимова Гульнар Әрленбаевна, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2019 жылғы №49 18 ақпандығы бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

"6D050200 – Саясаттану"; мамандығы бойынша

"6D050100 - Әлеуметтану"; мамандығы бойынша

"6D090500 - Әлеуметтік жұмыс"; мамандығы бойынша

"6D012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану"; мамандығы бойынша

"6D050300 - Психология"; мамандығы бойынша

"6D010300 - Педагогика және психология". мамандығы бойынша диссертацияны қабылдауға рұқсат етілген.

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер - 1.

2. Откізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Жоқ.

3. Оку орны көрсетілген докторанттардың тізімі:

Дүйсенова София Малрайдаровна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

4. Есепті жыл ішінде қаралған диссертацияларды қысқаша талдау.

4.1 Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.

Есепті кезеңде диссертациялық кеңесте келесі докторанттардың PhD докторы дәрежесін алу үшін бір диссертациясы қорғалды:

Дүйсенова София Малрайдаровна, тақырып: «6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша «Қазіргі Қазақстан жастарының білім және ғылыми стратегиялары».

Тақырыптың зерттеу өзектілігі XXI ғасырда білім берудің әлеуметтік институты дамудың жетекші тетігіне және инновациялық қоғамның қалыптасуымен байланысты. Әлемдегі және елдегі барлық әлеуметтік салалардағы өзгерістер қарқынының жоғарылығы оларға тұлғаның ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік институт ретіндегі білім жүйесінің де жоғары деңгейде бейімділігін талап етеді. Инновациялық процестерге деген бұл бейімділікті қоғам ішінде білім стратегияларын дұрыс тандау мен қалыптастырусыз жүзеге

асыру қыынға соғады. Ғылым ұзак уақыт бойы Қазақстанның экономикалық және мәдени капиталының аса маңызды бөліктерінің бірі болып саналды. Қазақстандық қоғамның қазіргі уақыттағы құндылықтың иерархиясының түбекейлі өзгерісі ғалымдардың ғылыми қоғамдастық пен ғылымға деген қатынасының өзгеруіне алып келді. Осыған сәйкес бұл әлеуметтік институттың жоғары мәртебесінің бәсендешеуі, ғылым саласындағы мамандық беделінің түсі, ғалымдардың экономикалық тәуелді болуы, олардың әлеуметтік мәртебесінің күрт төмендеуі, ғалымдардың билікке араласу мүмкіндігінің төмен болуы секілді белгілер бойынша сипат ала бастады. Осыған байланысты жас ғалымдарды, ең алдымен, ЖОО-ның ғылым қауымдастырының ортасында дайындау ерекше маңызға ие болуда.

4.2 диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тармагына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жсанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Дүйсенова София Малрайдеровнаның «Қазіргі Қазақстан жастарының білім және ғылыми стратегиялары» атты тақырыптағы диссертациялық зерттеуі тұжырымдамалық ойлардың дәлелділігінің эмпирикалық негізі ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика қызметінің мәліметтері, жас ғалымдардың, ЖОО зерттеушілерінің ғылыми-шығармашылық потенциалын дамыту мәселесі бойынша жас ғалымдар мен мамандар Одағының жұмыс тәжірибесінің мәліметтерін көруге болады. Зерттеу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтанулық зерттеу және әлеуметтік инжиниринг орталығымен «Қазақстандық білім беру моделі: халықаралық тәжірибе, ұлттық дәстүрлер» жобасы бойынша (жетекші – әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Г.С.Әбдірайымова) қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулердің мәліметтері (2011 ж.) және 2015-2017 жылдары 1482/ГФ4 Грантының шеңберінде болған «Жоғары білім жүйесі мен жұмыс берушілерді ЖОО түлектерінің кәсіби мобильділігінің аса маңызды шарты ретіндегі интеграциясы» (жетекші – әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Г.О.Әбдікерова) жобаларының аясында жүргізілген.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

С.М. Дүйсенованың диссертациялық зерттеуінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы – оның негізгі ойлары мен тұжырымдарын әлеуметтану ғылымының теориясына, әлеуметтану білімінің, сондай-ақ, ЖОО ғылымындағы (нақты жоғарғы оқу орындарын, сонымен бірге, бөлек аймақтар деңгейінде де) жас ғалымдардың зерттеушілік қызметі мен ғылыми шығармашылық мотивациясының бағдарламаларына және ғылыми-білім

концепцияларын дайындау мен аprobациясына белгілі үлес қосуы. Диссертациялық зерттеу қолданбалы-теориялық сипатқа ие. Диссертацияның мәліметтерін: мемлекеттік билік органдарымен (жоғарғы және ЖОО-нан кейінгі білім саласындағы әлеуметтік саясаттың басым бағыттарын республикалық және аймақтық деңгейлерде, ғылыми-инновациялық саясат сұрақтары бойынша заңнамалық актілерді әртүрлі деңгейлерде құрастыру барысында); жоғарғы кәсіби білім беретін білім мекемелерінің басшыларымен (ЖОО ғылымының потенциалын сақтау мен дамытудың кешендік бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру кезінде); сонымен бірге, әлеуметтану, әлеуметтану білімі, әлеуметтану ғылымы саласындағы мамандарды дайындау, қайта дайындау және біліктіліктерін көтеру барысында пайдалана алады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Қаралған диссертациялық зерттеулер бойынша ресми рецензенттер ретінде пәндік салаларда мамандығы бойынша ғылыми жарияланымдары бар, қорғалған диссертациялар тақырыбына жақын жетекші ғалымдар сөз сөйлемеді.

«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша рецензенттер:

Аралбаева Рысжамал Кадыровна – Алматы облысы бойынша РМҚҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» филиалының білім беру бағдарламаларын іске асыру және ілгерілету кабинетінің доценті, социология ғылымдарының докторы, Талдықорған қ., Қазақстан, мамандығы 22.00.04.

Валирова Зульфия Хафизовна - социология ғылымдарының кандидаты, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының профессоры, Қарағанды қ., Қазақстан, мамандығы 22.00.04.

Ұсынылған барлық рецензияларда диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі, ізденушінің алған ғылыми нәтижелері, әрбір ғылыми нәтиженің негізділігі мен нақтылығы, олардың жаңалығының дәрежесі көрсетілген, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы, ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген.

Жоғарыда аталған ғалымдар (рецензенттер) ұсынған рецензияларды талдау өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша олардың ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келетіні туралы қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Сапасыз пікірлер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Мақала жарияланған кезде журналдың процентилін ескеруді ұсынамыз. Журналдың редакциясына мақала жіберген кезде докторант журналдың қазіргі процентилін ескерді, бірақ диссертацияны аяқтаған кезде және қорғауға өтініш берген кезде процентиль төмендеуі мүмкін. Осы себепті

докторанттар қорғауға келе алмайды. Студенттерге екінші семестрде теориялық зерттеулерді аяқтағаннан кейін ғылыми зерттеу тақырыбын анықтауға мүмкіндік беру. Басқа халықаралық танылған ақпаратты және ғылыми журналдар мен басылымдардың рейтингтік базаларын қосу үшін жариялауға рұқсат етілген журналдардың тізімін кеңейтіңіз.

7. Философия докторы (PhD), дәрежесі бойынша доктор дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер (1-кесте).

Мамандық	6D050200 Саясаттану	6D050100 Әлеуметтану	6D090500 Әлеуметтік жұмыс	6D012300 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	6D050300 Психология	6D010300 Педагогика және психология
Қорғауға ұсынылған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
қорғауға ұсынылмаған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Рецензенттен қарсы пікір алған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Қорғаудың қорытынды шешімі бойынша теріс шешімі бар диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар диссертациялар	-	1	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрайымы

Г.О. Насимова

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Н.У. Шеденова



" " 2021 жыл